Тауарларды сатып алу туралы шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)"KEGOC" акционерлік қоғамы атынан _____, негізінде қызмет ететін _____ _____, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан _____, негізінде қызмет ететін _____ _____, екінші жақтан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Тауарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегідей келісімге келді. Әлеуетті өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Терминдерді түсіндіру

1.1. Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмеге ие болады:

1.1.1. Тапсырыс беруші - "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" АҚ (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" "Ақмола ЖЭТ" филиалы;

1.1.2. Өнім беруші-Тапсырыс берушімен жасалған шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды (жеке) тұлға;

1.1.3. Филиал-Тапсырыс берушінің филиалдары тұлғасында Тапсырыс берушінің тауарды қабылдау және тауарды қабылдауға байланысты операцияларды жүргізу құқықтары мен міндеттері берілген оқшауланған бөлімшесі;

1.1.4. Холдинг-Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілілік-өзге заңды тұлғаның меншік немесе сенімгерлік басқару құқығындағы дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы әрбір келесі заңды тұлғаға тиесілі;

1.1.5. Қор – "Самұрық-Қазына"АҚ;

1.1.6. Шарт-Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

1.1.7. Шарттың сомасы-тапсырыс беруші шарттық міндеттемелерді толық орындағаны үшін Шарттың шеңберінде Өнім берушіге төлеуге тиіс сома;

1.1.8. Тауар - _____, өнім беруші шарт шеңберінде жеткізуге міндетті;

1.1.9. Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесі - сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) туралы жүйелендірілген мәліметтер;

1.1.10. Ілеспе қызметтер-тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін қызметтер, мысалы, тасымалдау сияқты қызметтер және мысалы, монтаждау, іске қосу, техникалық жәрдем көрсету, оқыту және Өнім берушінің Шартта көзделген осындай басқа да міндеттері кіретін кез келген басқа да қосалқы қызметтер;

1.1.11. Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының ресми бағамы-қор биржасының алдыңғы жұмыс күніндегі таңертеңгі (негізгі) сессиясында қалыптасқан ұлттық валютаның шетел валюталарына орташа алынған биржалық бағамы негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам;

1.2. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1.2.1. Шарт;

1.2.2. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі (Шартқа №1 қосымша);

1.2.3. Техникалық ерекшелік (Шартқа №2 қосымша);

1.2.4. Тауарларды жеткізуге жергілікті қамту үлесінің болжамды/нақты есебі (Шартқа №3 қосымша);

2. Шарттың мәні

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.1. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес тауарларды (бұдан әрі - Тауар) жеткізуге және Тапсырыс берушінің иелігіне тапсыруға, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттерін тиісті түрде орындаған кезде осы Шарттың талаптарына сәйкес Тауарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

3. Шарттың сомасы және төлеу шарттары

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа №1 Қосымшада берілген.

3.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен жасалады:

3.3.1. Шарттың жалпы сомасының 30% мөлшерінде аванстық төлемді (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші шарт жасалған және өнім беруші алдын ала төлеуге шот берген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді. Өнім беруші аванс төлемінен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда осы аванс төлемі (алдын ала төлем) төленбейді.

3.4. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдау - беру актісі (актілері)) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

3.4.1. Электрондық құжат нысанында Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің есебі (электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Жүйе) ұсынылады).

3.4.2. Шот-фактуралар;

3.4.3. Тауарды қабылдау-тапсыру актісі

3.4.4. Электрондық акт.

3.5. Қабылдау-тапсыру актісін (лерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі - Жүйе) жібереді. Тауарларды қабылдау-тапсыру актісін (лерін) Жүйеде электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға рұқсат беріледі. Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

3.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш беруіне/қол қоюына байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

3.7. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұдан бұрын төленген алдын ала төлемді есепке ала отырып жүргізіледі.

3.8. Өнім беруші салықтарды, баждарды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де төлемдерді төлеуді қоса алғанда, тауарды жүк алушылардың қоймасына жеткізуге байланысты барлық тәуекелдер мен шығыстарды көтереді.

3.9. Салық және төлемдер

3.9.1. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес келесі түрде төленуге тиіс:

3.9.1.1. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды төлеуге толық жауапты болады және Тапсырыс берушіні Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы есептеуі және Жеткізушіге салуы мүмкін барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда) төлеу үшін кез келген және барлық талаптардан және жауапкершіліктен босатады және қорғайды, оның ішінде салық қызметі өнім берушіге жасалған немесе Шарт бойынша алған кез келген төлемге байланысты.

3.9.1.2. Егер мұндай талап Қазақстан Республикасының Заңында, ережелерінде немесе нұсқаулықтарында қамтылатын болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге салық төлеу бойынша кез келген соманы төлеуге тиесілі сомадан ұстап қалады. Өнім берушіге кез келген тізімдемеде Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіні кез келген осындай талап туралы алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем, егер төлем бастапқыда Өнім берушіге жүзеге асырылғандай, Өнім берушінің атынан жүргізілген төлем болып есептеледі және Тапсырыс беруші Өнім берушінің алдында осылай ұсталған сома бойынша одан әрі жауапты болмайды. Тапсырыс беруші сонымен қатар Жеткізушіге барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынады.

3.9.1.3. Жеткізуші салық есептілігін дұрыс толтырмау салдарынан өзара тексеру және/немесе Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер комитетіне сұрау салу нәтижелерімен расталмаған, есептелгенге дейін ҚҚС сомасын Тапсырыс берушіге

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қайтаруға міндетті.

3.9.1.4. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен соманы Қазақстан Республика бюджетінен қайтарудан бас тартылатын болады, не есептелгенге дейін салықтар есептелген болса, онда Өнім беруші Тапсырыс берушіге күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өтеуге міндеттенеді, Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін ҚҚС-тың барлық сомасы Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылды, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтар өтеледі. Осы тармақта көзделген шарт Өнім берушінің өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулар расталмаған, ҚҚС қайтарылмаған және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкциялар есептелгенге дейінгі жағдайларға әкеп соққан Өнім берушінің басқа Өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетпеу (төлемеу) фактілері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған, Өнім беруші өтеген ҚҚС асып кеткен сома не шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау, Тапсырыс беруші ҚҚС қайтаруға жаңадан берілген талап және бұрын расталмаған сомаларды қайтаруға растау негізінде Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен жағдайда Өнім берушіге қайтарылуға жатады. Жеткізуші не жеткізушілер 1-ші, 2-ші, 3-ші және т. б. жою нәтижесінде бұрын анықталған бұзушылықтар деңгейлерін ескере отырып, Тапсырыс беруші ҚҚС асып кетуінің нақты қайтарымын алғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші бұрын өтеген ҚҚС сомасын қайтаруға міндеттенеді.

4. Жеткізу мерзімі және шарттары

4.1. Өнім беруші Тауарды Шарттың №1, №2 Қосымшаларына сәйкес мекенжайға және мерзім ішінде жеткізуге міндетті.

4.2. Тауарды жеткізу күні – жүк алушының қоймасына Тауарды жеткізу күні. Тауарды Жеткізуші Тапсырыс берушіге саны мен сапасы бойынша қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес және Шарттың No 1, No 2 Қосымшаларына сәйкес береді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жоғалу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап Жеткізушіден Тапсырыс берушіге өтеді. Жеткізумен байланысты шығындар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

4.3. Өнім беруші Тауарды жүк алушының қоймасына жеткізу кезінде Тапсырыс берушінің аумағына Тауарды жеткізу жөніндегі талаптарды сақтауға және тауарды жеткізуге байланысты өз қызметкерлерін Тапсырыс берушінің аумағына тауарды жеткізу жөніндегі талаптармен таныстыруға міндетті (Шарттың №4 қосымшасы).

4.4. Шарттың №5 қосымшасына сәйкес Тапсырыс беруші немесе Филиал шарт бойынша Тауардың алушысы болып табылады.

4.5. Жүк алушыларға Тауарды қабылдауға және Тауарды көлік органдарында қабылдауға және ресімдеуге байланысты барлық операцияларды жүргізуге құқық беріледі.

4.6. Шарт бойынша тауардың жүк алушысы "Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания" АҚ (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" "Ақмола ЖЭТ" филиалы болып табылады, Астана қ., Байқоңыр ауданы, Үшқоңыр көшесі, 3/2 ғимарат.

5. Тараптардың құқықтары және міндеттері

5.1. Өнім беруші міндеттенеді:

5.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес және өзі өндірген Тауарды жеткізуге;

5.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзім ішінде және талаптар негізінде жеткізілетін Тауарға құжаттарды беруге міндеттенеді, оның ішінде:

5.1.2.1. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) электрондық құжат нысанында Шартта жергілікті қамту үлесінің есебі (Жүйеде беріледі). Соңғы Қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі.

5.1.2.2. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) СТ-KZ нысанындағы сертификаттың (тардың) электрондық көшірмесін (лерін) (Жүйеде беріледі) беруге. Соңғы Қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі. Ұзақ мерзімді шарт болған жағдайда СТ-KZ нысанындағы сертификаттың (сертификаттардың) электрондық көшірмесі (көшірмелері) Шарт қолданылатын тиісті жылы жеткізілген Тауар көлеміне (санына) беріледі.

5.1.2.3. Тауармен бір мезгілде Тапсырыс берушіге Шартта көзделген оның керек-жарақтарын, сондай-ақ оған қатысты құжаттарды (тауардың жиынтықтылығын, қауіпсіздігін, сапасын, пайдалану тәртібін куәландыратын құжаттар және т. б.) беруге.

5.1.2.4. Тауармен бірге сәйкестік сертификаттарының немесе сәйкестік туралы декларацияның нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынуға міндетті.

5.1.2.5. Тауарды шарт мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысандағы акт бойынша тапсыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген электрондық шот-фактура жазып беруге міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.2.6. Тауармен бір мезгілде шығу сертификаттарының (импортталатын тауарлар үшін) нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе тауардың шығу тегі туралы декларацияның түпнұсқасын ұсыну қажет. Мұндай декларация ретінде коммерциялық құжаттар (шот-фактура, электрондық шот/фактура (инвойс), ерекшеліктер, тиеу және буып-түю парақтары және сыртқы сауда және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізуге байланысты мәмілелерді растау үшін пайдаланылатын басқа да құжаттар) немесе тауарларға қатысы бар кез келген басқа да құжаттар пайдаланылады;

5.1.2.7. Тауардағы жергілікті қамту үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру.

5.1.2.8. Тауарды жеткізу кезінде сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде сатып алынатын тауардың партиясына/сериясына "CT-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі сертификатын ұсыну. CT-KZ нысанындағы сертификат(тар) сатып алу туралы шарт шеңберінде жеткізілетін тауардың барлық көлеміне(санына) ұсынылуы тиіс. (баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен "қарапайым заттар экономикасы" тауарларын кешенді сатып алуды жүргізу кезінде). Бұл ретте, Өнім беруші осы тармақта көрсетілген талапты орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы жасалған шартты бұзады және осындай өнім берушіні Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізу үшін сатып алу жөніндегі қордың операторына мәліметтерді белгіленген тәртіппен жібереді.

5.1.2.9. Тауарды жеткізу аяқталғаннан кейін тауарды қабылдап алу-берудің түпкілікті актісімен бірге Тапсырыс берушіге Шартқа №3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебін ұсыну.

5.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға міндеттенеді.

5.1.4. Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда, нақты шеккен шығыстарды ескере отырып, Тапсырыс беруші төлеген аванстың (алдын ала төлемді) Тапсырыс берушіге қайтаруға.

5.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау шеңберінде ұсынуға міндеттенеді.

5.1.6. Подтверждением исполнения данного обязательства является предоставление поставщиком до даты подписания Сторонами соответствующего акта, подтверждающего прием – передачу закупленного товара, сертификата формы CT-KZ (оригинал, нотариально засвидетельствованная копия, либо копия, заверенная печатью уполномоченного органа по выдаче сертификата о происхождении товара для внутреннего обращения) на партию/серию закупаемого товара. Сертификат(ы) формы CT-KZ должен(ны) быть представлен(ы) на весь объем (количество) товара, поставленный в рамках договора о закупках. (в случае, если договор о закупках заключается с товаропроизводителем закупаемого товара).

5.1.7. Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды 10 (он) күннен кешіктірмей ұсынуға.) Шартқа қол қойылғаннан кейін жұмыс күндері.

5.2. Өнім беруші:

5.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

5.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

5.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға құқылы.

5.3. Тапсырыс беруші:

5.3.1. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдауға.

5.3.2. Өнім берушіден Тауарды қабылдау-беру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт бойынша қажетті ақпаратты толтыруға және ескертулер болмаған жағдайда Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қоюға немесе дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Өнім берушіге Тауарларды қабылдаудан бас тартуды жіберуге;

5.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жасауға.

5.4. Тапсырыс беруші:

5.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген сапаға және санға сәйкес Тауарды алуға;

5.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы өнім тізімдемесіне сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

5.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

тартуға құқылы.

5.4.4. Тапсырыс берушінің Тауарлардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды Өнім берушіден талап етуге құқығы жоқ.

5.4.5. Жеткізушіден қойылған өсімақының, айыппұлдың және шығындардың сомасын төлеуді талап ету.

5.4.6. Шарт талаптарына сәйкес тиісті құжаттар болмаған кезде тауарды қабылдамауға.

6. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардың техникалық сипаттамаға және Шарттың талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

6.2. Жеткізілген Тауарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Тауарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

6.3. Жеткізілген Тауардың саны мен сапасы мәселелері, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес ақаулар (жасырын ақаулар) бойынша талапты Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) күні ішінде ұсынады. Егер Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Өнім беруші таныды деп есептеледі және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (он) хабарлама алған кезден бастап жұмыс күні ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

6.4. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) күні ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауарды Тапсырыс беруші қабылдады деп есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

6.5. Тауардың саны мен талап етілетін сапасы жеткіліксіз болған жағдайда, Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде тауардың жетіспеген және сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді, бұл ретте тауардың жетіспеген бөлігін жеткізу бойынша шығыстар Өнім берушінің есебінен жүзеге асырылады.

6.6. Техникалық бақылау мен сынақтар өнім берушінің аумағында, тауарларды жеткізу орнында және/немесе соңғы межелі пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім берушінің аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті құралдар беріледі және жәрдем көрсетілетін болады.

6.7. Егер техникалық бақылаудан немесе сынақтан өткен тауарлар техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші тиісті акт жасап, олардан бас тартуға құқылы, бұл ретте өнім беруші ақаулы тауарды тиісті техникалық ерекшелікке не Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз, неғұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамалары бар тауарға ауыстырады.

6.8. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

6.9. Тапсырыс беруші тауардың техникалық ерекшеліктерін анықталған сәйкессіздіктері немесе кепілдік мерзімі ішінде оның кемшіліктері туралы Өнім берушіні талап ету құқығымен жазбаша хабардар етуге міндетті:

6.9.1. Тауардың кемшіліктерін қисынды мерзімде өтеусіз жоюды талап етуге құқылы;

6.9.2. Тауардың кемшіліктерін жоюға жұмсалған өз шығыстарын өтесін;

6.9.3. Тиісті емес сападағы тауарды Шартқа сәйкес келетін жаңа тауарға ауыстырсын;

6.9.4. Тауар үшін төленген соманы қайтару. Бұл ретте Тапсырыс беруші хабарламада өнім берушінің тиісті шаралар қабылдауға тиіс мерзімін көрсетеді. Осы уақыт ішінде бұл тауар тапсырыс берушіде немесе оның өкілінде сақтауда болады. Тапсырыс беруші ілеспе хатта көрсетілген мерзімде тауарды алып кетпеген жағдайда, Тапсырыс беруші тауардың сақталуы, тұтастығы және бүлінбеуі үшін жауаптылықты өз мойнына алады.

6.10. Бұл ретте, Тапсырыс берушінің хабарламасында өнім беруші тиісті шаралар қабылдауы тиіс мерзім көрсетіледі. Осы уақыт ішінде бұл тауар тапсырыс берушіде немесе оның өкілінде сақтауда болады. Тапсырыс беруші ілеспе хатта көрсетілген мерзімде тауарды алып кетпеген жағдайда, Тапсырыс беруші тауардың сақталуы, тұтастығы және бүлінбеуі үшін жауаптылықты өз мойнына алады.

6.10.1. Тауардың кемшіліктерін қисынды мерзімде өтеусіз жоюды талап етуге құқылы;

6.10.2. Тауардың кемшіліктерін жоюға жұмсалған өз шығыстарын өтесін;

6.10.3. Тиісті емес сападағы тауарды Шартқа сәйкес келетін тауарға ауыстырсын;

6.10.4. Шарттың 11.9-тармағына сәйкес шартты орындаудан біржақты бас тарту және Шартқа сәйкес аванс төленген жағдайда тауар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

үшін төленген төлемді қайтаруды талап етсін.

6.11. Актілерге қол қою күні тауар жеткізілген күннен бастап есептелетін тауарларды қабылдаудың басталу күні болып табылады.

7. Кепілдік және Сапа

7.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, беғлгіленген талаптарға сәйкес келетін сапаға кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді, пайдаланылған болмайды, консервацияланбайды және 2024 жылдан ерте болмайды.

7.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 12 месяцев белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

7.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауарда ақаулар немесе Шарттың талаптарына сәйкессіздігі анықталған болса, Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті талаптарды алған сәттен бастап 15 (он бес) ішінде өз есебінен ақаулы Тауарды жаңа Тауарға ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстыру сәтінен бастап басталады. Тауарды ауыстыру бойынша барлық шығындарды Өнім беруші төлейді.

7.4. Егер Тауарды ауыстыру Өнім берушінің кінәсі бойынша кешіктірілген болса, кепілдік мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.

7.5. Тапсырыс беруші осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы Өнім берушіні жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті. Осындай хабарламаны алғаннан кейін Өнім беруші Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде ақаулы тауарды және/немесе оның бір бөлігін Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір шығыстарсыз ауыстыруға міндетті.

7.6. Егер Өнім беруші хабарламаны алып, Тапсырыс беруші талап ететін мерзімде тауарды ауыстырмаса, Тапсырыс беруші шарт бойынша өнім берушіге қатысты басқа құқықтарына нұқсан келтірмей және өнім берушінің есебінен тауарды ауыстыру бойынша қажетті санкциялар мен шараларды қолдануға құқылы. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы тауардан бас тартуға құқығы бар, ал Өнім беруші Тапсырыс беруші қабылдамаған тауарды қайта қабылдауға және барлық шығындарды өтей отырып, Тапсырыс берушіге осы тауар үшін алынған бүкіл соманы қайтаруға міндетті.

7.7. Сапасыз тауарды қайтаруға және жаңасын жеткізуге байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

8.2.1. Өнім беруші Шартта белгіленген Тауарды жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізудің әр өткізіп алған күні үшін уақытында жеткізілмеген Тауар құнының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан сомасынан 10%-ынан артық емес мөлшерде өсімпұл төлейді;

8.2.2. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті Қабылдау – беру актісіне Тараптар қол қойғанға дейін Өнім беруші төлеуге тиіс Шарттың жалпы құнының 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

8.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.2.4. Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.2.5. Шарттың 12-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.2.6. өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, өнім беруші жеткізілген тауарды қабылдау-беруді растайтын тиісті қабылдау – беру актісіне тараптар қол қойғанға дейін өнім беруші төлеуі тиіс шарттың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

8.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

8.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.4.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.4.2. Тапсырыс беруші Қабылдау-беру актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.4.3. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған (Шарттың талаптары бойынша Тауар жеткізу үшін Тапсырыс берушінің Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімін өткізіп алу арқылы келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.4.4. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

8.5. Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда Тапсырыс беруші обелгіленген тәртіппен Холдингтің Сенімсіз Өнім берушілерінің тізіліміне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін Қордың Сатып алу жөніндегі Операторына ақпаратты жібереді.

8.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.7. Тауарды уақытылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері Шарт сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

8.8. Егер өсімпұл сомасы 5000 (бес мың) теңгеден аз болса, онда өсімпұлды ұстап қалу туралы хабарлама өнім берушіге электрондық пошта немесе факсимильдік байланыс арқылы ғана жіберіледі.

8.9. Өнім беруші көрсетілген мерзімде СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші сатып алынған тауарды қабылдау – беруді растайтын тиісті актіге тараптар қол қойғанға дейін өнім беруші төлеуге тиіс сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл түрінде өзі өндіретін тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапты болады. Бұл ретте Тапсырыс беруші мұндай өнім беруші туралы мәліметтерді өнім берушінің жоғарыда көрсетілген міндеттемені орындамау фактісі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өнім берушіні Холдингтің тауар өндірушілері тізілімінен шығару үшін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сатып алу жөніндегі қор операторына жібереді.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

9.2. Жобаға немесе жасалған Сатып алу туралы шартқа Өнім берушіні таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тармақтарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

9.3.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты;

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

9.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

9.3.4. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

9.4. Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Шартты бұзған күндегі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

9.5. Сатып алуда Қордың құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Өнім берушіге Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

9.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді Тапсырыс берушіден талап етуге құқылы.

9.7. Егер шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезеңінде өнім беруші дәлелді себептермен тауарды уақтылы жеткізбесе және / немесе ілеспе қызметтер көрсетсе, өнім беруші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы жазбаша хабарламаны дереу жіберуге міндетті. Өнім берушіден хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші жағдайды бағалай отырып, өз қалауы бойынша өнім берушінің Шартты орындау мерзімін ұзартуға құқылы. Бұл жағдайда мұндай ұзартуды тараптар тиісті келісімге қол қою арқылы ресімдеуге тиіс.

9.8. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірместен Тапсырыс беруші Өнім берушіге бұзу туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.8.1. егер Өнім беруші тауардың бір бөлігін немесе барлығын Шартта көзделген мерзімде (лерде) жеткізбесе.

9.8.2. егер Өнім беруші шарт бойынша өзінің басқа міндеттемелерін орындай алмаса;

9.9. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші банкрот немесе төлем қабілетсіз деп танылса, өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда тоқтату дереу жүзеге асырылады және егер Шартты бұзу Тапсырыс берушіге залал келтірмесе немесе кейіннен Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын санкцияларды жасауға немесе қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет атқармайды.

9.10. Шарт тараптар арасындағы өзара келісім бойынша бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда Шартты бұзуға бастамашы болған Тарап өзінің ниеті туралы кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда шартты бұзу Тараптардың міндеттемелерді орындауды аяқтау және Тараптар арасында түпкілікті есеп айырысуларды жүргізу мәселелері реттелетін бұзу туралы келісімге қол қоюымен ресімделеді.

9.11. Тапсырыс беруші тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген жағдайларда шарт сомасын өнім беруші негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға ұлғайтудан бас тартқан кезде шарт тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

9.12. Тауарларды сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс берушінің экономикадағы төтенше жағдайға немесе басқа да келеңсіз құбылыстарға байланысты шығыстары қысқартылған жағдайда не алқалы атқарушы органның/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының Байқау кеңесі/Жоғары орган болмаған жағдайда (қатысушылардың жалпы жиналысы) Тапсырыс берушінің шешімі негізінде жол беріледі өндірістік қажеттіліктің болмауы. Бұл ретте осы тауарларды ағымдағы жылы сатып алуға жол берілмейді. Тауарларды сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға өнім берушіге ол нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзге түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

10.2. Осы Шартқа сәйкес немесе байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарт нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

10.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және до полного исполнений Сторонами своих обязательств по Договору дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс мажор)

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш мән-жайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин, эмбарго және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

12.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша түрде (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

13.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді ұсынбайды, төлемейді және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен жіктелетін әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

